# Х А Т Т А М А №1

«Бірлік орта мектебі» мкм 06 қыркүйек 2022 жыл

**Қатысқандары:** Құқықтық кеңес мүшелері: 7
Ата – аналар: 105
Сынып жектекшілер: 21
Ата – аналар комитеті : 21

**Күн тәртібінде:**

1.Жалпыға бірдей білім беру заңын сәйкес мектеп жанындағы мөлтек ауданда тұратын мектеп жасындағылардың оқумен қамтылуын тексеру.

**2**.Мектепке қабылданғандардың арасындағы қамқорлықтағы балаларды, жағдайы төмен, көп балалар, әлеуметтік қауіпті жағдайлардағы отбасындағы балаларды анықтау.

**3.**Оқушылардың жол картасын жасау

**Тыңдалды:**

**1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша** мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Э. Б. Балабай сөз алды.

Жалпыға бірдей білім беру заңын сәйкес мектеп жанындағы мөлтек ауданда тұратын мектеп жасындағылардың оқумен қамтылуын қамтамасыз етілді. Оларды оқу құралдарымен жабдықтауға, барлық сынып ата – аналары жиналысқа,мектепте өткізілетін іс-шараларға қатысуға, оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға және де ата – аналар тарапынан тікелей қолдау көрсету керектігі жөнінде айтып өтті. Мектеп жасындағы оқушылар толығымен оқулықпен қамтылғандығы жайында да айтып өтті.

**2. Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша** құқықтық кеңес мүшесі, ауыл әкімі Е.Қ. Елубаев сөйледі:

Мектепке қабылданғандардың арасындағы қамқорлықтағы балаларды, жағдайы төмен, көп балалылар, әлеуметтік қауіпті жағдайлардағы отбасындағы балаларды анықтау жүргізілді. Мектеп жасындағы балалармен мектеп психологы сауалнама алынып, балалардың тұрмыс жағдайы анықтады. Мектеп жасындағы балалардың ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті екендігі айтылды. Сонымен қатар мектепте мектепішілік және ИДН есебінде тұрған оқушылар жоқтығы айтылды.

**3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша** оқушылардың үйлері мен мектеп арасындағы жол қауіпсіздігінің сақтау мақсатында қыркүйек айының басында барлық сынып жетекшілер оқушылардың «Жол» картасының сызбасын жасап, күнделіктеріне жабыстырып, қауіпсіздіктерін қадағалауда.

**Шығып сөйлеушілер: С. Сейсенова – ата-ана**

Жалпыға бірдей білім беру заңын сәйкес мектеп жанындағы мөлтек ауданда тұратын мектеп жасындағылардың оқумен қамтамысыз етілендігіне ата-аналар атынан қуанып тұрғандығы айтты. Мектепте баланың толық білім алып, тәрбиелі болуына ұстаздар қауымының жасап жатқан еңбегінің өлшеусіз екендігін барлық оқушы, ата-ана біледі,сонымен қатар мектеп ережесіне толық бағынып дұрыс азамат болып қалыптасуына жағдай жасауды дұрыс деп есептейтіндігін айтты.

**Шешімі:**

1.Жалпыға бірдей білім беру заңын сәйкес мектеп жанындағы мөлтек ауданда тұратын мектеп жасындағылардың оқумен қамтылуы назарға алынсын.

2.Мектепке қабылданғандардың арасындағы қамқорлықтағы балаларды, жағдайы төмен, көп балалылар, әлеуметтік қауіпті жағдайлардағы отбасындағы балаларды анықтау жауапкершілігі күшейтілсін.

3.Оқушылардың жол қауіпсіздігі сақталынып, қадағалау сынып жетекшілерге міндеттелінсін.

Жиналыс төрайымы: Э. Б. Балабай

Хатшы: А. Төлжарасова

**Х А Т Т А М А №2**

**«Бірлік орта мектебі» мкм** **12 қазан 2022 ж**

**Қатысқандар:** Құқықтық кеңес мүшелері:7
Ата – аналар: 105
Сынып жектекшілер: 21
Ата – аналар комитеті : 21

**Күн тәртібінде:**
**1.**Оқушылардың бос уақытын пайдалану жұмысына талдау (үйірмелерге,спорттық секцияларға,қоғамдық іс-шараларға тарту). Оқушылардың қызығушылықтары бойынша жұмыстарды ұйымдастыру

**Тыңдалды:**
1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Б. Балабай сөз алды.
Тәрбие негізін қалайтың, оқушылардың білімін кеңейтіп, өз қабілетін танып білуге үлес қосатын оқытудың түрі-сыныптан тыс үйірме, спорттық секция жұмыстары. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыруда спорттық секциялар волейбол, футбол, баскетбол, шахмат-шашки, үстел теннисі, коньки, ұлттық ойындар, барлығы 7 спорттық секцияға- 180 бала қамтылған.

Жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие беруді жетілдіруде А. Анипин 5-9 сынып оқушылары арасында «Жас сарбаз» үйірмесіне жетекшілік етуде.

Туған тілдің абыройын асқақтату әрбір адамзаттың абзал борышы. Ұлттық келбетіміз бен болмысымызды,салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр.

**Қаулы:**
1.Оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануда секция, үйірмелердің жұмыс жоспарлары мен кестелері жасалынып, тізімдері тізімделінсін.

2.Секция, үйірме жетекшілері жетекшілік ететін секция, үйірме жұмыстары жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы: Э. Б. Балабай

Хатшы: А. Төлжарасова

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша мектеп оқушылар арасында «Зорлық зомбылық», «Бопсалау», «Суицидтің алдын алу» «Есірткесіз болашаққа» тақырыптарында өткізілген құқықтық кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

« 18 » қараша 2022 жыл

**Қатысқандар:**
1. Мектеп директоры: Г.З. Кембебаева
2. Балқаш АПБ ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция подполковнигі: О.А.Садырбаева
3.Мектеп психологі: А. Жолдыбай
4.Сынып жетешілер, мектеп оқушылары

Күн тәртібінде:

1 Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын-алу жоспары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен таныстыру. ДТІЖО – Э. Б. Балабай

1. Балқаш АПБ ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция подполковнигі: О.А.Садырбаева кәмелетке толмағандардың арасындағы «Бопсалау», «Зорлық зомбылық», «Есірткесіз болашаққа», « Суицидтің алдын алу» тақырыптары бойынша баяндаманың оқылуы

**Тыңдалды:**

***Бірінші мәселе бойынша ДТІЖО – Э. Б. Балабай сөз алды*** . Мектебімізде осы тақырыптар аясында алдын алу жұмыстары алғы жолға қойылған. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру және қадағалау мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында «Мектеп оқушыларына көрсетілетін ерсі қылықтарды анықтау» сауалнамасы алынды. Қорытындысы шығарылып, кеткен кемшіліктермен жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ **«Зорлықсыз тәрбие», «Қатігездіктен алыс балалық шақ», «Адам болып қалайық»** тақырыптарында зорлық зомбылыққа қарсы плакаттар мен үндеу қағаздар тарату арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Түнгі ауыл балалары» кезекшілік рейд айлығы жедел профилактикалық іс-шаралары өткізілуде. Рейд нәтижесінде балалардың күш көрсетуі, ұрып соғуы, яғни, жағымсыз қылықтары жөнінде ешқандай факт тіркелген жоқ. Құқықтық тәрбие беруде ата-аналарды мектеп өміріне тарту арқылы мектеп пен отбасы жұмысын ықпалдастыру және педагогикалық ұжыммен тығыз байланыс орната отырып, әрбір баланың құқықтық – адамгершілік қабілетін ашып, оқушылардың дамуына мүмкіндік жасалып жатыр.

***Екінші мәселе бойынша Балқаш АПБ-ның ЖҚТБ ЮПТ УПИ полиция полиция подполковнигі О.А.Садырбаева сөз алды.*** Құқық бұзушылықты болдырмау жөнінде сөз алған Балқаш АПБ-ның ЖҚТБ ЮПТ УПИ полиция полиция подполковнигі О.А.Садырбаева баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Атап айтсам, мектеп оқушыларына зиянды заттарды қолданбау, зиянды заттардан,темекі шегу, арақ, суық қару қолдану секілді жағдайлардан аулақ болу керектігін айтып, олар өз өміріне, отбасына теріс әсер ететіндігін түсіндірді .

Барлық сыныптарда жас полиция топтары оқушылар арасында құқықтық заңнамалар прокуратуралық сағаттар ұйымдастырылу керектігін тілге тиек етіп сынып жетекшілерден талап етті. Сабақта сабақтан соң кешкі мезгілде мектеп оқушылары жүрмеуі керектігін айтып, жасөспірімдерді тәрбиелеу мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды түсіндіру, жалпыға бірдей құқықтық оқудың кешенді бағдарламасын жоспарлап құқықтық оқыту, саяси сабақ жүргізу, аптаның әр бейсенбі күнін «құқық күні деп белгіленгенін, «ҚР заңнамаларын оқып үйрен» «Қылмыс неден туындайды?», «Қазақстан Республикасының Заңнамаларын оқыту», «Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша «Өз құқыңды білесің бе?» тақырыптарында түрлі іс шаралар жүргізілу керектігін айтып өтті.

**Жарыссөз:**

Мектеп психологы А. Жолдыбай - «Сақтансаң құдай сақтайды» демекші ата-аналар тарапынан балаларға көбірек көңіл бөлініп, қадағалауды талап етеді. Қадағалау дегеніміз ол достары кім, бос

уақытында немен айналысып отыр, интернет желісі арқылы кімдермен араласады, достары кім қандай ортадан шыққанынан әрдайымбарлық ата-ана хабардар болып отыруы қажет. Ата-ана баласының сырымен бөлісіп, әрқашан баланы тыңдап отыруы қажет деп ойлаймын.

**Шешімі:**

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді қорытындылай келіп шешім етеді:**

1.Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында атқарылған іс-шара жұмыстары жандандырылсын.

2. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы бопсалау, зорлық-зомбылық, суицидтің алдын алу және оны болдырмаудың ең тиімді жолдары қарастырылсын.

3. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануда сынып жетекшілер мен ата-аналардың белсенділігі арттырылсын.

Жиналыс төрайымы: Э. Б. Балабай

Хатшы: А. Төлжарасова

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша мектеп оқушылар арасында «Өз құқығыңды біл» тақырыбында өткізілген жиналыс отырысының

№ 4 хаттамасы

« 28 » желтоқсан 2022 жыл

**Қатысқандар:**
1. Мектеп директоры: Г.З. Кембебаева
2. Балқаш АПБнің ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция подполковнигі О.А.Садырбаева
3.Мектеп психологі: А. Жолдыбай
4.Сынып жетешілер, мектеп оқушылары

**Күн тәртібінде:**

1 Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын-алу жоспары бойынша І жартыжылдықтағы атқарылып жатқан жұмыстарымен таныстыру. ДТІЖО – Э. Б. Балабай

1. Балқаш АПБнің ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция подполковнигі О.А.Садырбаева кәмелетке толмағандардың арасында «Өз құқығыңды біл!» тақырыбында түсіндірме жұмыстар жүргізу

**Тыңдалды:**

***Бірінші мәселе бойынша ДТІЖО – Э. Б. Балабай сөз алды*** . Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары алғы жолға қойылған. Олай дейтінім, АПБ-ның ЖПҚБ ЮПТ бөлімінің инспекторларымен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңын басшылыққа ала отырып біріккен жылдық жоспар жасалынып, бекітілген.

Сондай-ақ оқушылар қозғалысы туралы № 2 нысан бойынша 10 және одан да көп күн себепсіз келмеген кәмелетке толмағандар арасындағы балалар қазіргі таңда анықталған жоқ, яғни, әр ай сайын АПБ-ның ЖПҚБ ЮПТ бөліміне ақпарат беріліп отырады.

Сол сияқты мектеп психологі А. Жолдыбай, әлеуметтік педагог С.М.Қалығұл және сынып жетекшілер оқушылардың үйлеріне барып, үй тұрмысын көріп девиантты мінез-құлықты, есепте тұрған, аз қамтылған, толық емес отбасыларындағы балаларға алдын алу жұмыстарын жүргізді, ешқандай құқық бұзушылық орын алмады.

Сонымен қатар, түнгі уақытта көңіл көтеретін орындарда кәмелетке толмағандардың болуына жол бермеу мақсатында , сондай-ақ кәмелетке толмағандарға алкогольді және темекі өнімдерін сату туралы қабылданған заңдарды басшылыққа ала отырып, рейд жүргізілді. Жүргізілген рейд барысында кәмелет жасқа толмағандармен ешқандай құқық бұзушылық және кешке жүрген фактілері кездескен жоқ.

Сондай-ақ мектеп психологі А. Жолдыбай мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «Сенім жәшігі» қойылған. Бұл сенім жәшікке түскен өтініштер мен хаттар апта соңында (жұма күні) мектеп әкімшілігі және мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүргізіліп, қаралады.

Құқықтық тәрбие беруде ата-аналарды мектеп өміріне тарту арқылы мектеп пен отбасы жұмысын ықпалдастыру және педагогикалық ұжыммен тығыз байланыс орната отырып, әрбір баланың құқықтық – адамгершілік қабілетін ашып, оқушылардың дамуына мүмкіндік жасалып жатыр.

***Екінші мәселе бойынша*** Балқаш АПБнің ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция подполковнигі О.А.Садырбаева ***сөз алды.*** «Өз құқығыңды біл!» тақырыбында Балқаш АПБнің ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция подполковнигі О.А.Садырбаева баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Атап айтсам,оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастырды, құқықтық білімдерін толықтырды. Сондай-ақ оқушыларға заң, құқық

тақырыптарына қатысты сұрақтар қойып,пікір алмасты және де оқушылардың құқықтары мен міндеттері жайлы түсіндіре кетті.

**Жарыссөз:**

Мектеп психологы А. Жолдыбай - «Сақтансаң құдай сақтайды» демекші сынып жетекшілер тарапынан балаларға көбірек көңіл бөлініп отырса деп ойлаймын. Яғни, балалардың достары кім, бос уақытында немен айналысып отыр, интернет желісі арқылы кімдермен араласады, достары кім қандай ортадан шыққанын анықтап, әрдайым барлық ата-аналарға хабардар етіп отырса. Сонымен қатар, сынып жетекшілер сыныбындағы оқушыларды күнделікті қадағалап, әр баланың ойын тыңдап, пікір алмасу керек.

**Шешімі:**

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді қорытындылай келіп шешім етеді:**

1.Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында атқарылған іс-шара жұмыстары жандандырылсын.

2. Мектепте балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықтары сақталып, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жандандырылсын.

3. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануда сынып жетекшілер мен ата-аналардың белсенділігі арттырылсын.

Жиналыс төрайымы: Э. Б. Балабай

Хатшы: А. Төлжарасова

# Х А Т Т А М А №5

Құқық бұзушылықтың алдын алу

«Бірлік орта мектебі» мкм 21 қаңтар 2023 жыл

**Қатысқандары:** Құқықтық кеңес мүшелері: 7
Ата – аналар: 105
Сынып жетекшілер: 21
Ата – аналар комитеті : 21

**Күн тәртібі:**

1.Барлық сыныптарда суық қару мен зиянды заттарды қолданбау барысында рейд ұйымдастыру қорытындысы;

**ТЫҢДАЛДЫ**:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Балабайқызы хабарлама жасады. Ол өз сөзінде жаңа жылдық мерекеге байланысты түнгі кезекшіліктегі кесте бойынша барлық сыныптарда суық қару мен зиянды заттарды қолданбау барысында рейд ұйымдастырылғандығын, рейд кезінде дүкендерде оқушыларға атқыш зиянды заттардың сатылмау керектігі ескертілгендігін, мереке күндері балалардың үйде болуын қадағалауды ата-аналарына ескертілгендігін және зиянды заттардан зардап шеккен балалар болған жағдайда үйде ұстамай дәрігерлердің көмегіне бірден жүгіну керектігі жайында ескерту жұмыстары жүргізілгендігін айтып өтті.
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жарыссөзге шыққан мұғалім:
Т. Үсенова - аталған мәселе бойынша қашықтан ата-аналарға кеңес өткізіп, ата-аналардан қауіпсіздік дәптерлеріне қол қойғызып, қолхаттар алынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша шешім етеді.

**ШЕШІМ**:

1. Барлық сыныптарда суық қару мен зиянды заттарды қолданбау барысында рейд ұйымдастыру қорытындысы қанағаттанарлық деп табылып, мұғалімдер түнгі кезекшілікке жоспарлы түрде шығуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Балабайға жүктелінсін.

Жиналыс төрайымы: Э. Б. Балабай

Хатшы: А. Төлжарасова

**Х А Т Т А М А №6**

Құқық бұзушылықтың алдын алу

«Бірлік орта мектебі» мкм 25 ақпан 2023 жыл

**Қатысқандары:** Құқықтық кеңес мүшелері: 7
Ата – аналар: 105
Сынып жетекшілер: 21
Ата – аналар комитеті : 21

**Күн тәртібі:**

1.ЮПТ инспекторымен жұмыс қорытындысы;

2. «Түнгі ауыл», «Жасөспірім» атты рейд жұмыстарының қорытындысы.

**ТЫҢДАЛДЫ**:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э. Балабайқызы хабарлама жасады. Ол өз сөзінде ЮПТ инспекторымен бірлескен жұмыс жоспары бойынша бірталай жұымыстар атқарылғандығын, атап айтар болсақ: ҚР ІІМ № 1098 бұйрығына сай АІБ-нің ЮПТ УПИ -де есепте тұрған жасөспірімдер мен қолайсыз отбасылар, ата-ананың қарауынсыз қалған жасөспірімдер мен өткізілген жұмыстары туралы мәліметтерді сараптау жұмыстары, ата-аналар комитетінің ұжымында, мектепте бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында жұмыс жоспары құрылып, жұмыс нәтижесін талқылау, мектепке бармай жүрген оқушыларды анықтау, олардың ата-аналарына тиісті шаралар қабылдау бойынша жұмыстар жүргізілгендігін,
1 және 5 сынып оқушыларын мектептің ішкі ережелерімен таныстырылғандығын,жетім және қамқорлықтағы балалардың тұрмыс жағдайларын тексеру жұмыстары ұйымдастырылғандығын, суицидтің алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізілгендігін, оқушылар арасында жәбір көрсетуді анықтау мақсатында «Сенім» қызметінің жұмысы жандандырылғандығын, АІБ-нің ЮПТ УПИ бөліміне ай сайын оқушылар қозғалысы туралы № 2 нысан туралы ақпарат беріліп отыратындығын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагог-ұйымдастырушы Роллан Алматұлы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін мұғалімдер тарапынан түнгі кезекшілік кестесі ұйымдастырылып, сол бойынша «Түнгі ауыл», «Жасөспірім» атты рейд жұмыстарының қорытындысымен таныстырып өтті. Сонымен қатар рейд кезінде себепсіз көшеде жүрген оқушылардың ата-аналарына ескертулер жасалынып, түсіндірме жұмыстары жүргізілгендігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша шешім етеді.

**ШЕШІМ**:

1. ЮПТ инспекторымен жұмыс қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. 2.«Түнгі ауыл», «Жасөспірім» атты рейд жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылып, одан әрі жұмыстар жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы: Э. Б. Балабай

Хатшы: А. Төлжарасова